

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика вице-министрі
Т.М.Жақсылықовтың
баяндамасы**

**Қазақстан Республикасының «Үшінші елдерге қатысты арнайы
қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы»
және**

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және
өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Заңдарының жобалары туралы**

**Құрметті _____!
Құрметті депутаттар!**

(Слайд 1) Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының «Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдарының жобалары¹ ұсынылып отыр.

(Слайд 2) Өздеріңіз білетіндей, біз Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушылар болып табыламыз. Осы шарт шеңберінде тауарлардың сыртқы саудасын реттеу мәселелері ұлттықтан жоғары органға – Еуразиялық экономикалық комиссияға берілді.

Осыған орай, бүгінгі күні ұлттық заңнаманың нормаларын Кеден Одағының шарттық-құқықтық базасымен, Еуразиялық

¹ Заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспарына сәйкес әзірленді.

экономикалық одақ туралы шартпен сәйкестендіру аса маңызды болып табылады.

Сондай-ақ, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру бойынша келіссөздердің жүргізілуін ескере отырып, осы саладағы ұлттық заңнаманы халықаралық құқыққа сәйкес өзектілендіру қажеттігі туындап отыр.

(Слайд 3) Осы мақсатпен, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану саласы реттелетін қолданыстағы 3 Заңды талдадық.

1) «Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

2) «Демпингке қарсы шаралар туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

3) «Субсидиялар және өтем шаралары туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

Анықтама ретінде:

Арнайы қорғау шарасы – өсіп келе жатқан импортты шектеу жөніндегі шара.

Демпингке қарсы шара – импорт демпингіне қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі шара.

Өтемақы шарасы – шетелдік мемлекеттің ерекше субсидияларының әсерін бейтараптандыру шарасы.

(Слайд 4) Қолданыстағы Заңдар нормаларының басым бөлігі ескіргенін және халықаралық міндеттемелерге сәйкес келмейтінін ескере отырып, сауда шараларын қолдану саласында жаңа заң жобасы әзірленді.

(Слайд 5) Мәселен, жаңа заң жобасы 2012 жылғы 17 сәуірден² бастап тергеулер жүргізу жөніндегі өкілеттіктер

² Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 802 шешімімен

Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментіне берілгенін ескереді.

(Слайд 6-8) Сондай-ақ әзірленген құжат көрсетілген шараларды қолданудың жалпы қағидаттарынан басқа:

1. Уәкілетті органның Еуразиялық экономикалық комиссиямен (тергеулер жүргізетін органмен) өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

2. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану алдында тергеу жүргізуге өтініштер беру тәртібін айқындайды.

Анықтама ретінде:

Қолданыстағы ұлттық заңнамада Қазақстандағы барлық өндірістің 25%-ынан астамын өндіретін Қазақстан Республикасының өндірушілері өтініш береді.

Жаңа Заң жобасына сәйкес сауда шараларын қолдану үшін Одаққа мүше мемлекеттердегі барлық өндірістің кемінде 25%-ын өндіретін Одаққа мүше мемлекеттердің өндірушілері өтініш береді.

Бұл ретте, демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын енгізу үшін өтінішке қатысты өз пікірін (қолдайтындығын немесе келіспейтіндігін) білдірген өндірісінің үлесі 50%-дан асатын өндірушілер осындай өтінішті қолдаулары тиіс.

3. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментіне өкілеттіктер берілген берілген кезден бастап:

- тергеу жүргізетін көрсетілген органмен өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

- қабылданатын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігін;

- уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары арасындағы өзара іс-қимыл арқылы мемлекеттің ұстанымын тұжырымдауды;

- арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану алдында тергеулерге бастама жасау туралы ұсыныстар беру бойынша Қазақстан Республикасы уәкілетті органының құзыретін заңнамалық түрде реттеу қажеттігі туындап отыр.

Заң жобасында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы баждарын есептеу, төлеу, есепке жатқызу, бөлу, қайтару және есепке жатқызу тәртібі кедендік әкелу баждарына ұқсас тәртіпте көзделген.

Анықтама ретінде:

Қазіргі уақытта арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын енгізу туралы шешімдерді Еуразиялық экономикалық комиссия қабылдайды.

Қолданыстағы ұлттық заңнамада арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын енгізу туралы шешімдерді қабылдау Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітілген. Аталған өкілеттік 2012 жылғы 17 сәуірден бастап ЕЭК-ке берілді.

(Слайд 9-10) Негізгі Заң жобасын іске асыру мақсатында Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша ілеспе Заң жобасы әзірленді, онда:

1. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне адамдардың арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы баждарын төлеуден босатуға негіз болатын жалған мәліметтерді мәлімдегені, сондай-ақ арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы баждарын төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілігін қарастыру бөлігінде өзгерістер енгізу;

2. «Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы» ҚР Кодексіне және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның Еуразиялық экономикалық комиссияға үшінші елдерге қатысты шараларын қолдану алдындағы тергеулерді жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарынан алынған құпия ақпаратты беруі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның үшінші елдерге қатысты сауда шараларын қолдану алдындағы тергеулерді жүргізу мақсатында статистикалық ақпаратты ұсынуы бөлігінде толықтыру енгізу;

4. «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңына және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңына арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары түрінде ішкі нарықты қорғау шараларын толықтыру бөлігінде өзгерістер енгізу көзделеді.

(Слайд 11) Заң жобаларын іске асыру республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді және әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға әкеп соқпайды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, құрметті депутаттар, Сіздерден, аталған Заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рахмет!